



Жуырда «AMANAT» партиясы Алматы облыстық филиалының төрағасы Қуат Байғоджаев Шелек ауылындағы гимназияның мәжіліс залында мұғалімдер мен ата-аналармен кездесіп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын жан-жақты түсіндіріп, жақсылық жолындағы жаңғыруға арналған жұмыстармен таныстырды.

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАҢҒЫРУ

Жиынды «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Бағдат Рахимов ашып, Қуат Сұлтанұлы Жолдаудағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы айқындалған мәселелерді өз сөзіне арқау етті. Бүгінде ел Президентінің

бастамаларының басым бөлігі жүзеге асып жатқанын, мысалға, мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақылары айтарлықтай көбейгенін, тұрғын үй мәселесі шешімін тауып жатқанын айтты.

(Соңы 2-бетте).



Спорт

Жүлдегерлер марапатталды



Аудан әкімі Алтай Досумбаев джиу-джитсудан жастар мен жасөспірімдер арасында Әлем чемпионатында жүлде алған жеңімпаз спортшыларды марапаттады.

Өңір басшысы чемпиондарды марапаттау барысында

– Сіздердің жетістіктеріңіз жастарға өнеге. Әрине бұл жеңіс оңайлықпен келген жоқ. Осы жетістіктің артында қаншама еңбек, төгілген тер, ұйқысыз түндер жатыр. Ең бастысы жүлдегерлеріміз жеңіске деген жігер мен темірдей төзім-ділікті танытып, өздеріне артылған үміт пен сенімді ақтады. Аудан спорты қанатын кеңге жайып келеді. Біз қашан да өңір спортын дамытуға күш саламыз. Әлемдік додаларда жеңіс туын желбірететін спортшыларымыз көп болсын! – дей

келе, жүлдегерлерге арнайы алғыс хат және естелік сыйлықтарды табады. Өз кезінде жеңіс тұғырынан көрінген жеткіншектер бұдан да биік белестерді бағындыруға құлшынаындықтарын айтты. Ауданымыздың түлектері Амин Арсамаков пен Милана Мансурова 21-25 тамыз аралығында Астанада алғаш рет өткен джиу-джитсудан жастар мен жасөспірімдер арасында Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанған еді. Жеңімпаздарымыз Амин Арсамаков Есік қаласында, ал Милана Мансурова Ават ауылында тұрады. Айта кетсек, бұл сында Қазақстан атынан 194 спортшы ел намысын қорғады. Қазақстандық спортшылар байрақты бәсекеде 13 алтын, 19 күміс, 37 қола медаль алып, жалпы командалық есепте III орын алды. **Е.АСЫЛ.**

Кездесу

Менің ауылым – Қазақстанның бір бөлшегі

Өткен аптада Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінде аудандық қоғамдық келісім орталығының ұйымдастыруымен, облыстық ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Менің ауылым – Қазақстанның бір бөлшегі» атты этносаралық бірлік кездесуі өтті. Шараға спикер ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері», «Алматы облысының Құрметті азаматы», қоғам қайраткері, тіл жанашыры Осман Асле Әлиқызы арнайы шақырылды.

«Тілдік және этникалық белгілері бойынша ар-намыс пен қадір-қасиетті қорлаудың кез келген нысандарына жол бермеу» жобасының аясында өткізілген кездесуге облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Бота Елеусізова, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы ақсақалдар, аналар және медиация кеңестерінің төрағалары мен мүшелері, этно-мәдени орталықтардың төрағалары мен мүшелері, аудан тұрғындары, жастар қауымы қатысып, тағылымды әңгімемен сусындады.

– Бүгінгі таңда Қазақстан бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық үлгісін әлемге танытушы елге айналып отыр. Әрбір қазақстандық азамат үшін ұрпақтар сабақтастығы арқылы тарихи қалыптасқан татулық, сенім мен тең құқықтылық ең маңызды қасиет. Сонымен қатар, Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырушы маңызды

құралға айналып, елімізде тұрмыс кешіп отырған барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші алаң рөлін атқаруда – деп, еліміздің ынтымақтастық пен бейбітшіліктің символына айналғанын атап өткен Бота Серікқызы алғашқы сөз кезегін кездесудің құрметті қонағы Асле Османға ұсынды.

– Баршаның баласын бауырына басқан қазақтың дархандығы даласынан дарыған, тектілікке бабасынан жарыған. Солақай саясаттың құрбаны болып еріксіз жер аударылған бізді жатсынбай, қолындағы қара наным бөліп берген Алаш жұртының бұл әрекеті – үлкен тәлім, тәрбие. Ұлы сөзін ұлтына, жылы сөзін жұртына арнаған қазақ халқы Сталин жылатқан ұлттарды жұбатқан. Осындай дархан халыққа деген біздің сеніміміз де, түйсігіміз, оған деген ықыласымыз да, ниетіміз де өзгеше болуы керек. Сол өзгешелікті бірлікте, достықта, татулықта ғана көрсете аламыз – деген Асле Осман елімізді гүлдендіруде бәріміз жұмыла еңбек етуіміз қажеттігін айтты.

Ұлты өзірбайжан болса да, жүрегі қазақ деп соққан Асле Әлиқызы кездесуге келген жастарға еңбеккер болу керектігін айтты. Сөзіне сүйенсек, қазіргі уақытта білім ордасында болсын, отбасында болсын баланы еңбекке баулу жағы ақсап тұр. Бұл – бүгінгі қоғамның ащы шындығы. Ал еңбектенбеген халық ешқашан дамымайды. Еңбек – кемел келешектің, жарқын болашақтың кепілі. Осыны айтқан Асле Әлиқызы студент жастарға көп кітап оқып, үлкендерден тәлім-тәрбие алып, білімді шыңдап, жетістікке жету жолында аянбай еңбек ету керектігін жеткізді.

Тақырыпқа сай әңгіме тетігін ағытқан

кездесудің құрметті қонағы ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігін сипаттап, ауыл – алтын қазық екенін айтты:

– Тумысынан таза, арамдықтан ада, қиянаттан шет, ешкімді жатсынбайтын, бөлмейтін-жармайтын, баршаның баласын бауырына басқан, аразды татуластырған, алысты жақындастыратын бір халық болса, ол – қазақ халқы. Мен үшін қазақ халқы бәрінен

Ауыл – елдің жүрегі, қазақтылықтың қайнар көзі – деді Асле Осман.

Кездесу барысында этносаралық татулық және өзге де қоғамдық бірлестіктердің, этносаралық коммуникацияның тиімді құралдарын қалыптастыруға жаңа серпін берумен қатар, мемлекеттік тілді құрметтеп, қоғамдағы рөлін арттыру, жастарға патриоттық бағыттағы тәрбие беру мәселесі көтерілді.

Облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Бота Серікқызы облыс



жоғары. Бүгінде осы құндылықтың барлығы қазақстандықтардың бойында сақталған. Әсіресе, ауыл жұртының. Тәлім мен тәрбиенің, инабаттылық пен ибалықтың, салт пен дәстүрдің, еңбек пен адал тіршіліктің алтын бесігі болған ауылдарымыз өз құнын жоғалтпақ емес. Сондықтан «Менің ауылым – Қазақстанның бір бөлшегі» деген бүгінгі кездесудің тақырыбы ұтымды қойылған.

аумағындағы этносаралық тұрақтылық жайында сөз қозғап, статистикалық мәліметтермен бөлісті. Сонымен қатар, сөз кезегін алған ақын-жазушы Шаяхмет Құсайынұлы, аудандық аналар кеңесінің төрайымы Роза Исатаева, ақ жаулықты аналар мен ақсақалдар, аудан жастары Асле Әлиқызына ризашылығын білдіріп, алғыстарын айтты.

С.НҰРАДИН.